Фог № 112 от 12.04

ҰЙҒАРЫМ

1 шілде 2024 жыл № 7527-24-00-2/6638 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Қ.Т.Өтепов, хатшылықта А.С.Сләмбекованың, талапкер өкілі Б.Кененбаевтің қатысуымен сот ғимаратында өткен ашық сот отырысында талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери - инженерлік институты» РММ-нің жауапкер «Хақназар» ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ :

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери - инженерлік институты» РММ жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінді, өз уәждерінде жауапкердің 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 112 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемелерін орындамағанын көрсетті.

Талап қоюшының соттағы өкілі талап арызда баяндалған негіздер бойынша мәлімделген талаптарды қолдады, бұл ретте жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізбегенін түсіндірді.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланды, сотқа өкіл жібермеді, себептері туралы хабарламады, істі оның қатысуынсыз қарау туралы, сот талқылауы кейінге қалдырылуы туралы арыздар түскен жоқ,

Талап қоюшы өкілінің дәлелдерін тыңдап және іс материалдарын зерттей отырып, сот іс бойынша іс жүргізу мынадай негіздер бойынша қысқартылуға жатады деп табады.

Талап қоюшы өкілінің түсіндірмесінен көрініп тұрғандай, жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 44-бабының 1-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде Тапсырыс берушіге қол қойылған Мемлекеттік сатып алу туралы шартты ұсынбаса немесе Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған тұлға болып табылады.

Басқаша айтқанда, өнім беруші шартқа қол қоймаған жағдайда да, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда да шарт жасасудан жалтарған деп танылады.

Шынында да, Заңның 12-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 01.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Утепов К. Т., 14.08.2024

деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің (екінші орын алған әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін білдіреді.

Сонымен бірге, Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімінің негізінде қалыптастырылады.

Осылайша, қойылған талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға және шешілуге жатпайды, өйткені жауапкер уәкілетті органның шешімі негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 23-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер осы Кодекске және басқа да заңдарға сәйкес бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау өзгеше тәртіппен жүзеге асырылмаса, соттар оларды қорғау туралы істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды және шешеді.

АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасына сәйкес, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпаса, сот іс бойынша іс жүргізуді қысқартады.

АПК-нің 277, 278-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери - инженерлік институты» РММ-нің жауапкер «Хақназар» ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы бойынша азаматтық іс өндіріспен қысқартылсын.

Іс бойынша іс жүргізу қысқартылған кезде сол тараптардың арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дау бойынша сотқа екінші рет жүгінуге жол берілмейтіні тараптарға түсіндірілсін.

Ұйғарымға жеке шағым және/немесе өтінішхат ол түпкілікті нысанда дайындалған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде осы сот арқылы Алматы қалалық сотының апелляциялық сатысына берілуі мүмкін.

Судья **К.Т. Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 01.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Утепов К. Т., 14.08.2024

7527-24-3-1/7537